

Француз тілі әуесқойларының клубы 2009 жылдан бастап ашылды.

КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:

- университетте француз тілі мен француз мәдениетін кеңінен тарату;
- университет студенттерінің француз тілін үйрену мүмкіндігін арттыру;
- француз тілінің тәжірибелік деңгейін көтеру;
- студенттердің Республикалық конференциялар мен жобаларға, халықаралық бағдарламалар мен ауылшаруашылық тағылымдамаларға қатысуына ықпал ету болып табылады.

Университетімізде француз тілі клубының ашылуы студенттерге француз тілін оқытып қана қоймай, бай француз мәдениетімен танысуға ықпал етеді.

Француз тілі әуесқойлары клубының шеңберінде әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді: Француз Әндерінің кеші, Француз Киноларының кеші, Француз поэзиясының кештері, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне арналған «*Ma patrie est Kazakhstan*» атты кеш; «*Vive le français*» кеші; «*Күзгі кездесулер*»- (*Rencontres d'Automne*), «*Франкофония мерекесі*» - (*Fête de la Francophonie*); «*Notre Dame de Paris*» атты мюзикл т.б., Сонымен қатар, Францияның Анже қаласы Жоғары ауылшаруашылық мектебі өкілдерімен on-line жүйесінде бірлесіп өткізілген «*Анже ЖАМ білім алу*» атты видеоконференцияны атап өтуге болады.

Француз тілі әуесқойлары Клубы – құрамына Агротехникалық университеттің француз тілінде сөйлейтін әрбір студенті мүше бола алатын университетішілік құрылым.

Университетіміздің 25 студенті Француз тілі әуесқойлары клубының мүшесі болып табылады.

Клубтың жетекшісі - ф.ғ.к., Шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы Тяжина Елена Балтабековна.

